

ӘОЖ 377.8

ҒТАМР 14.85.33

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.80.1.018>

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖДІҢ ЦИФРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ОҚЫТУ РЕСУРСТАРЫН БАҒАЛАУ

\*Садибекова С.С.<sup>1</sup>, Амирова А.С.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** ХХІ ғасыр технологияның жан-жақта тұрғыдағы даму кезеңі болып табылады. Бұл білім саласына да өз ықпалын тигізуде. Еліміздегі барлық білім беру салалары цифрлық технологияның мүмкіншілігін пайдаланып, өз кітапханаларындағы оқыту ресурстарын электронды түрде қол жетімді етіп жасауда. Білім беру жүйесінде заманауи цифрлық технологиялар негізінде оқыту ресурстарын цифрландыру оқыту үдерісінде жаңашылдыққа ықпал етеді, білім алушылардың оқу қызметінде бірнеше әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік береді, мұғалімдердің цифрлық әлеуетін дамытуға ықпал етеді, онлайн оқыту платформаларын, онлайн тақталарды, вертуальды лабораторияны қолдануды қамтамасыз етеді. Мақалада кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін цифрландырудың маңыздылығы мен тиімділігі және болашақ педагог мамандардың цифрлық құзыреттілігін арттырудағы оқыту ресурстарын дамыту әсері қарастырылған. Дегенмен оның қаншалықты тиімді деңгейде екендігі эмпирикалық тұрғыда зерттеу нысаны ретінде көп қарастырылмаған. Мақала педагогикалық колледж кітапханасының цифрлық бағыттағы оқыту ресурстарын бағалауға бағытталған кәйс болып табылады. Зерттеу әдісі ретінде сауалнама және сұхбат әдісі алынды және зерттеу сапасын арттыру мақсатына екі әдіс біріктіріліп, аралас әдіс ретінде қолданылды. Сауалнамаға болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ретінде білім алушы 129 студент өздері білім алып жатқан колледж кітапханасының цифрлық оқыту ресурстарын бағалау бағытындағы сұрақтарға ерікті түрде жауап берді. Сонымен қатар 9 студенттен сұхбат алынып, олардың пікірлеріне талдау жасалынды. Зерттеу нәтижесі бойынша кітапхана ұсынатын цифрлық оқыту ресурстары өз деңгейінде қызмет көрсетеді, дегенмен техникалық дизайны, шетелдік әдебиеттермен толықтыру және топтық жұмыстар үшін нұсқаулықтардың берілуі сияқты бағыттағы жұмыстар жетілдіруді қажет етеді деген тұжырымдар да анықталды.

**Тірек сөздер:** педагогикалық колледж, цифрлық оқыту ресурстары, кітапхана, цифрлық білім ресурстары, оқыту ресурстары, бастауыш мектеп, болашақ мұғалімдер, кітапхана сайты

## **Кіріспе**

XXI ғасырда білім беру саласына цифрлық білім беру технологиялары, сандық білім беру ресурстары кеңінен енгізілуде.

2017 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Осы бағдарламадағы цифрлық мемлекетке көшу, адами капиталды дамыту мәселелері өзекті болып саналады. Бұл бағытта жоғарғы оқу орындары, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдары болашақ педагогикалық мамандар дайындауда цифрлық оқыту ресурстарын қолдана отырып, оқу қызметін ұтымды ұйымдастыруды жүзеге асыруы қажет. Бұл еліміздің білім беру саласындағы болашақ мұғалімдердің цифрлық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Осы мақсатты орындауда зерттеу жұмысы педагогикалық колледждерде болашақ мұғалімдерді дайындауда цифрлық бағыттағы оқыту ресурстарын жетілдіру, әдістемелік талаптарға сай мазмұздың жаңарту, интербелсенді топ тапсырмаларын енгізуді қарастырады.

Қазіргі кездегі ақпараттың көптігі және олардың кең таралуы білім беру саласында да ақпараттық технологияларды тиімді бағытта қолдану арқылы білім беру саласына жаңашылдық әкелгені белгілі. Соңғы жылдары ғаламтордың барлық елдерде қолжетімді болуы мұғалімдер мен оқушылар, оқытушылар мен студенттер үшін маңызды білім беру құралы ретінде зерттеліп, оның қолданылуы жан-жақты талқылана бастады [1]. Мәселен, әртүрлі елдерде енгізілген жаңа білім беру саясаты мен қабылданған түрлі құжаттар технология мен цифрлық мүмкіндіктерге берілген маңыздылықты нақтылай түседі [2].

Түрлі бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе теледидардың, интернеттің және интернет-коммуникациялық қалының күшеюі, сондай-ақ ғылым мен техниканың қарқынды дамуы жалпы қоғамға, соның ішінде білімге де әсер еткені белгілі. Осыдан жиырма, тіпті он жыл бұрынғы студенттермен салыстырғанда қазіргі кездегі студенттердің білімі мен оқу үдерісіне деген қызығушылықтары, басымдықтары мен көзқарастары әртүрлі екендігін байқауға болады. Сондықтан да қазіргі кездегі білім алушылардың сұраныстары мен талғамын бұдан бірнеше жыл бұрынғы кездегі студенттермен салыстыруға келмейді [3]. Өйткені олар сабақ оқу мен білім алу барысында теледидардағы немесе веб-сайттардағы цифрлық кескіндер сияқты қызықты, тартымды және өздеріне қажетті деген білімді алғысы келеді.

Интернет адам қызметінің кез келген саласына қатысты қажетті ақпаратты жылдам табудың жолын іздейтін орта болып табылады. Ол қазір әрбір үй мен жұмыс орнының маңызды бөлігі болып табылады. Интернетті қысқа мерзімде қажетті ақпаратты табуға, ғаламдық деңгейде әртүрлі деректер қорын шолуға, соңғы жаңалықтарды тексеруге, оқиғалармен

танысуға, қосымша білім немесе білім алуға пайдаланылады. Оның көптеген мүмкіндіктеріне қарамастан, ол бір жағынан жақсы қабылданып, қызығушылықты артырады, ал екінші жағынан лезде және тексерілмеген ақпаратты ұсынатын және адамдар арасындағы қарым-қатынасқа нашар әсер ететін құрал ретінде сыналады [4]. Дегенмен, қазіргі өмірдің жылдамдығы тиімді әрекетті, ақпаратқа жылдам қол жеткізуді, деректер алмасуды және коммуникацияны қажет ететіндіктен, интернеттің пайдасы орасан екені белгілі.

Оқыту мен оқу үдерісі контекстінде интернетті визуалды, есту және аудио-визуалды оқыту мен оқу ресурстарын бере алатын оқыту құралы ретінде анықтауға болады [4]. Ең алдымен, ол ақпарат көзі, оқыту және оқу ресурстары, екіншіден, тұлғааралық қарым-қатынасқа көмекші құрал және жеке веб-сайттарды жобалау сияқты практикалық әрекет орны.

Оқыту барысында интернет студенттердің мотивациясына ықпал етеді және студенттер оны пайдалы, әртүрлі және қызықты оқу құралы деп санайды. Интернетте әртүрлі ақпараттардың көптігі ақпараттың жоқтығы сияқты жағымсыз пікірлерге де әкелуі мүмкін. Веб-сайттар тексерілмеген және қате ақпаратты ұсынуы мүмкін немесе жай ғана фактілерді бұрмалауы мүмкін [5]. Сондықтан интернетті оқыту ресурсы ретінде қарастырмас бұрын материалдарды мұқият талдау өте маңызды [6]. Ол үшін студенттерге берілген ақпаратты сыни талдау, іріктеу, жіктеу және бағалау әдістеріне үйрету және білім алуды ынталандыру және оқушылардың әртүрлі дағдылары мен көзқарастарын дамыту қажет.

ҚР білім беретін мекемелер өз білім алушыларына сапалы, заманауи талапқа сай бағытта білім беру мақсатында интернетті сапалы қолдану мақсатында сайттарын, электрондық оқу ресурстарын байытып, кітапхана қорларын түрлі электрондық материалдармен толықтыру үшін жұмыс жасап жатқаны байқалады. Бұл туралы мәліметті мектептерден бастап, арнайы орта білім беретін колледждер, ЖОО-лар сайттарына шолу жасау арқылы да байқауға болады.

Дегенмен бұл сайттардың өз олқылықтары немесе олардың әлі жетілдірілуі қажет деген тұстары бар екендігі анық. Білім беруші мекемелердің өз білім алушыларын онлайн түрде оқу құралдарымен, материалдарымен қатамасыз ете алуының да маңызы ерекше [7].

Сапалы білім беру үшін білімді де білікті ұстаздар керек. ҚР білім саласында орта мектептегі білім сапасын көтеру үшін және мемлекеттің алдына қойған мақсаттарына жету үшін кейбір өңірлерде білікті мұғалімдердің тапшылығы байқалады. Білімді мұғалімдерді даярлау бағытында ҚР әрбір ЖОО-лары мен арнайы білім беретін колледждерінде өз білім алушыларыны арналған ауқымды цифрлық кітапхана қорларын дамыту бағдарламалары қолға алынуда. Дегенмен олардың тиімділігінің

дәлелі, эмпирикалық зерттеулер негізінде әлі анықталған жоқ.

Зерттеу мақаласы ҚР арнайы білім беретін коллеждердің оқу ресурстарымен цифрлық тұрғыда қамтамсыз етілуін бағалау мақсатында зерттеу нысаны ретінде Алматы қаласының № 1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық – педагогтік колледжін қарастырады. Бұл білім ордасы ҚР ерте құрылған білім ордаларының қатарына жатады ол 1978 жылы іргесін қалаған [7]. Қазіргі таңда бұл колледжде 2000 жуық студент білім алады.

Колледждің ҚР арнайы орта білім беру бағытында мамандар даярлау барысындағы атқарып жатқан жұмыстарының маңызы зор. Мақаланың зерттеу мақсаты осы педагогтік колледж кітапханасының цифрлық бағытта оқыту жүйесін саралап, бағалау арқылы сапасын арттыру болып табылады.

Кез келген оқу орнында цифрлық оқулықтар сияқты ресурстар қажет. Шетелдік білім беру мекемелерінде оқулықтар мен басқа ресурстардың маңыздылығы туралы ауқымды зерттеулер жүргізілген. Кітапханалардың цифрлық оқыту жүйесі контексттен тыс болса да, оқыту және оқу ресурстарының өзіндік құндылығы бар және жеке адамдарға әртүрлі әсер етеді.

Мысалы, фотосуретті немесе кескіндемені көру әртүрлі естеліктер мен эмоцияларды тудыруы немесе жеке студенттің шығармашылық қабілетін ынталандыруы мүмкін [6]. Егер цифрлық оқыту ресурстарын оқыту процесіне тиімді қолданатын болсақ, оқыту мен оқу ресурстарын пайдаланудың мақсаты, ең алдымен, осы ресурстардан туындайтын реакцияны оқытудың алға қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жетуге бағыттау керек. Демек, Ж.К. Кабатаева мен К.Ш. Бакирова айтқандай: «Көрнекілік құралдарын таңдағанда, виртуалды және табиғи әлемнің күшті және әлсіз жақтарын талдау қажет» [8, 60 б.].

Студенттің өзіндік жұмысын жетілдіру жағдайында интернеттің ақпараттық базасы мен құралдары негізінде білім ерекше даму үстінде. Себебі, электронды кітапханалар, интерактивті оқытуы бар платформалар, түрлі мүмкіндіктерді ұсынатын әдістемелік цифрлық оқыту мазмұны - білім беру қызметінің цифрлық трансформациясына әкелді [9, 44 б.].

Жоғарыда берілген пікірлерді саралай келе, оқыту мен оқу ресурстарының аталған топтарының арасында оқыту процесінде көрнекі оқыту және оқу ресурстары жиі басымдыққа ие болатыны байқалады. Мұның себебі, олардың әсіресе кітапханалардың цифрлық ресурстарды оқытуда практикалық тұрғыда пайдалану кезінде пайда болатын артықшылықтары болып табылады. Қорыта келе, цифрлық оқулықтардың қолжетімділігі, олармен байланысты пәннің мәнін ұсыну фактісінің болуы, оқу бағдарламасына тиімділі және қолдану жеңілдігі.

### **Материалдар мен әдістер**

Жоғарыдағы әлемдік және отандық тәжірибеге жасалған әдебиетке шолу негізінде бұл зерттеудің әдіснамасы кейс-стади (case study) ретінде қарастырылады. Зерттеу мақсатына сәйкес, №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық – педагогтік колледжі кітапханасының цифрлық бағытта оқыту жүйесін саралап, бағалау үшін кейс-статиді қолдану тиімді болып отыр. Себебі кейс-статидің артықшылығы нақты жағдайды, мәнмәтінді (контекстіні) терең, егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді [10].

Бұл сапалық зерттеу интерпретивизм парадигмасына сүйеніп, зерттеуге қатысушылардың тәжірибесін түсінуге тырысады. Зерттеу мәліметтері негізгі екі құрал арқылы жиналды. Сауалнама мен жартылай құрылымдалған интервью бірігіп аралас әдістерді тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Сандық және сапалық мәліметтер шамалас бір уақытта жиналған соң, аралас әдістер арқылы зерттеу ішіндегі бірлескен аралас әдістерді зерттеу түріне (concurrent mixed-methods research design) жатқызамыз [11].

Мәлімет 2022 жылдың қыркүйек-қазан айларында колледж ішіндегі 1-ші, 2-ші және 3-ші курс студенттері арасынан ерікті түрде таратылған сауалнама және сұхбат арқылы жиналды. Сауалнама мен сұхбатқа қатысушылар алдымен зерттеу мақсатымен танысып, ақпарат алды. Сауалнамаға болашақ бастауыш мұғалімдері ретінде білім алып жатқан 129 колледж студенті жауап берді, сауалнама бойынша келіскен 9 студент ерікті түрде зерттеуге қатысты. Сондай-ақ зерттеуге қатысу өз еркімен болғандықтан сауалнама немесе сұхбаттан кез келген уақытта бас тартуына рұқсат етілді. Зерттеуге қатысушылардың анонимділігі толық сақталып, зерттеу әдебі бойынша ережелер ескерілді.

### **Нәтижелер және талқылау**

Зерттеу нысаны ретінде алынған коллеждің оқу ресурстарымен цифрлық тұрғыда қамтамсыз етілуін бағалау мақсатында сауалнама сұрақтары негізінен төрт бағытта қойылды. Кітапхана оқу ресурстарының мазмұнын бағалау мақсатында сауалнамада жеті сұрақ берілді (1-кесте). Мазмұнын анықтау бойынша алынған жауаптар жалпы кітапхананың цифрлық бағытта ресурстармен қамтамсыз етілу деңгейінің жақсы екендігін көрсетеді. Дегенмен мазмұны бойынша «жарамсыз» ретінде берілген жауаптар да кездеседі. Бұл мәселені сұхбат барысында №2 студент қолдайды, оның айтуы бойынша «Көптеген жағдайда шетелдік мақалаларға қол жеткізу қиын, тіпті мүмкін емес». Бұл колледж кітапхана қорының шетелдік басылымдармен қамтамсыз етілуін немесе шетелдік базалардағы материалдарды оқуға қолайлы жағдай жасау қажет екендігін көрсетеді.

Кесте 1. Мазмұны бойынша қойылған сұрақтардың жауаптары

	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Жарамсыз
Мазмұны бойынша колледж кітапханасының вебсайты бүгінгі күн талабына сәйкес.	54	72	4	1
Мазмұны түсінікті және нақты	42	86	1	0
Мазмұны бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлайтын пәндердің оқу жоспарына сәйкес келеді	42	83	5	0
Тақырыптар студенттердің пәндерге байланысты қажеттіліктеріне сәйкес келеді	49	75	8	0
Колледж кітапханасының вебсайтындағы материалдар педагогикалық мазмұнға толы	35	89	5	2
Күрделілік деңгейі аудиторияға сәйкес келеді	30	94	9	1
Мазмұны әртүрлі халықаралық тәжірибелерді қамтиды	26	90	12	1

Білім алушылардың кітапхана сайты бойынша нұқаулықтардың да түсінікті, жүйелі болуы маңызды. Бұл бағытты бағалау үшін сауалнамада жеті сұрақ болды (2-кесте). Студенттердің басым бөлігі кітапхананың цифрлық ресурсын қолдану бойынша нұқаулықтың сапалы екендігімен келіседі. Бірақ сауалнама қатысқан 129 студенттің 20-сы «Кітапхана ресурсы бірігіп топтық жұмыс жасауға ынталандырады» деген пікірмен келіспейтіндігін көрсетеді. Бұл ойды №7 сұхбат беруші студент те айтады. Ол сұхбат барысында «Кітапхана қорында нақты топтық жұмыс жасау жөнінде ешқандай нұқаулықты байқамадым» деген ойын білдірді. Демек нұқаулық бойынша жетілдірілуі тиіс жұмыстар бар екені анық.

Кесте 2. Нұқаулық бойынша тұжырымдар

	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Жарамсыз
Колледж кітапханасын қолдану нұқаулығы бойынша мәлімттер бар және олар түсінікті	35	86	10	1
Нұқаулықта оқыту мақсаты мен студенттің міндеттері нақты көрсетілген	35	90	8	2
Әртүрлі деңгейдегі оқу үшін мүмкіндіктер қарастырылған	33	85	12	0
Интерактивтіліктің әртүрлі деңгейлері үшін мүмкіндіктер қарастырылған	32	84	14	1
Кітапхана ресурсы бірігіп топтық жұмыс жасауға ынталандырады.	27	82	20	1
Кітапхана ресурсы студенттің шығармашылық тұрғыдан дамуына ықпал етеді	32	91	8	1
Ресурс студенттерге өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік береді	31	94	7	1

Сауалнамада қамтылған келесі сұрақтар топтамасы кітапхана сайтының қолданылу ыңғайлылығын білу мақсатында құрылды. Бұл бағыттағы сұрақтар 14 сұрақтар тұрады (3-кесте). Сайттың ыңғайлылығы бойынша да жауаптар студенттердің сайттың қолданылуы көңілдерінен шығатынын білдіреді, дегенмен «жарамсыз» деп берілген нұсқаралар да бар. Сонымен қатар «Сайттың педагогикалық тұрғыдан жаңашылдығы бар» және «Сайтты шынайы/тиісті бағалау/бағалау құралдары қамтамасыз етілген» деген тұжырыммен 10 студенттің келіспейтіндігі байқалды.

Кесте 3. Кітапхана сайтының қолданылу ыңғайлылығы

	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Жарамсыз
Материалдар жақсы ұйымдастырылған және құрылымдалған	32	96	3	0
Материалдар оқытылатын тақырыптарға сәйкес берілген	29	97	4	0
Ресурстардағы тұжырымдамалар анық енгізілген	29	92	8	0
Ақпараттар жинақы және жүйелі түрде берілген	25	99	5	1
Сайтты қолданушы бағыт-бағдарды дұрыс ала алады	30	95	4	0
Техникалық термин сөздер орынды қолданылған	29	96	5	0
Техникалық терминдер дәйекті түрде түсіндіріледі/беріледі	25	100	4	0
Сайттың педагогикалық тұрғыдан жаңашылдығы бар	31	90	10	0
Сайтта оқу үдерісі басталмай тұрып және аяқталғаннан кейін шынайы/тиісті әрекеттер қамтамасыз етілген	30	92	7	2
Сайтты шынайы/тиісті бағалау/бағалау құралдары қамтамасыз етілген	27	92	10	1
Кері байланыс жылдам және пайдаланушының ешбір құқығына әсер етпейтіндей, позитивті түрде беріледі	24	97	9	1
Кері байланыс пайдаланушының жауаптарына сәйкес беріледі	25	100	4	0
Қажет болған жағдайда кері байланыс беріледі	29	93	6	1

Сондай-ақ сайтты қолданушылар үшін оның дизайны бойынша безенділуінің де маңызы ерекше. Бұл бағыттағы студенттердің пікірін білу мақсатында сауалнамада 10 сұрақ берілді (4-кесте). Жалпы бұл сұрақтардың жауаптары позитивті болғанымен, «Пайдаланушы интерфейсі қызықты» деген пікірмен келіспейтіндердің саны 11 студент. Сонымен қатар «Пайдаланушылар ресурсты оңай пайдалана алады» деген тұжырымды 4 студент «жарамсыз» деп көрсеткен. Сұхбат беруге қатысқан №3 және №8 студент те бұл оймен келіседі. Олар сайттың дизайны бойынша біршама

жұмыстар жасалуы керек деп санайды. Сонымен қатар №9 сұхбат беруші кітапхана қызметкерлерінің студенттерге сайт бойынша кейбір техникалық мәселелерге көмектесе алмайтындығын жеткізді. Кітапхана жұмысын цифрлық бағытта жақсарту үшін де студенттерден кері байланыс алып, оны саралау арқылы тиімділікке де қол жеткізуге болады [14]. Бұл бағытта қойылған сұрақтарға біршама оң жауап алынды.

Кесте 4. Техникалық дизайны бойынша тұжырымдар

	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Жарамсыз
Пайдаланушы интерфейсі қызықты	31	89	11	1
Иллюстрациялар/көрнекіліктер өз деңгейінде берілген	29	94	6	3
Графиканы, анимацияны және бейнені тиімді түрде пайдаланады	30	93	7	1
Сайтқа кіру және шығу жүйесі ыңғайлы жасалған	36	90	4	0
Анықтама функциясы берілген және сәйкес келеді	30	94	4	1
Қажет болған жағдайда материалды желіге қосуға немесе платформалар арқылы ортақ пайдалануға немесе стандартты интернет құралдарын пайдалануға болады	35	92	6	1
Экрандағы мәтін анық оқылады	31	94	3	1
Экранның орналасуы қисынды және дәйекті	26	97	8	1
Пайдаланушылар ресурсты оңай пайдалана алады	28	97	3	4
Сайт ресурсы әртүрлі ақпараттарды тиімді пайдаланады	29	93	6	1

Білім беру саласында оқыту құралдарын цифрландыру бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың басты шарты болып табылады [12]. Сондай-ақ колледж кітапханасының цифрлық ресурстарын пайдалану студенттердің зерттеу, технология, презентация және коммуникация сияқты әртүрлі дағдыларды дамытуға ықпал ететіні анықталды.

Студенттерге қойылған сұрақтар мен сауалнама нәтижесінде мыналар анықталды:

1. Мазмұн туралы ойлау,
2. Ақпаратты түрлендіру,
3. Деректерді сұрыптау,
4. Ақпаратты талдау және жүйелеу,
5. Белгілі бір контекст аясында ақпаратты жіктеу,
6. Сыни тұрғыдан ойлау,
7. Жаңа идеялар мен қорытындылар жасау,
8. Кері байланыс жасау жолын жетілдіру,
9. Дизайны бойынша жұмыстарға көңіл бөлу.

Онлайн оқыту ресурстары ұсынатын осы айтылған артықшылықтар

мен мүмкіндіктер, оны пайдаланудың жағымсыз жақтарына қарамастан, кітапхананың цифрлық қорын пайдалану оны заманауи және тиімді ету арқылы оқыту процесін байыта алады деген қорытындыға әкеледі. Бұл бүгінгі күні интернет оқытудың маңызды бөлігі ретінде көбірек талқылануымен расталады. Сондай-ақ бұл жаңа оқыту үдерісінің жаңа бағыты болып табылады [13].

### **Қорытынды**

Кітапхана жұмысының сипаты бойынша өзгерістер соңғы жиырма бес жылда біршама ілгері қадам басқаны байқалады. Бұл өзгеріс негізінен технологияға байланысты. Өзгерістер рөлдік анықтамаларда, тапсырмаларда немесе ұйымдық құрылымдарда, пайдаланушылардың күтуінде, жеткізушілермен қарым-қатынаста және білім алушыларға оқу құралдарын цифрлық түрде ұсынумен айқын көрінеді. Зерттеу барысында анықталғандай академиялық кітапхана, яғни оқу ресурстары педагогикалық бағытта білім алатын студенттер үшін біршама жетістікке қол жеткізе бастағанын көрсетеді. Дегенмен эмпирикалық зерттеу барысында анықталғандай оқырмандар мен кәсіби кітапханашылар жұмыс орнындағы өз қызметтері, олар не істейді немесе өздерін қалай атайды деген мәселелерді әлі шеше алмағанын айтады.

Қазіргі кезде кітапханашылардың дәстүрлі өндірістік жұмысын рөлдерді қайта анықтауға немесе кітапханашылардың кейбір қызмет түрлері технологияның дамуына байланысты қысқаруы мүмкін. Түрлі өзгерістер мен білім алушылардың, оқырмандардың талабы артқан сайын кітапхана жұмысында ақпараттың технология бойынша маманы, білім қызметкері, ақпараттық инженері, келіссөз жүргізушісі, теренер, аудармашы, мұғалім және жетекші, контент сарапшысы рөліне дейін кеңейгенін байқауға болады. Сондай-ақ көптеген оқу орындары кітапханаларында жаңа бағыттарды міндеттердегі шешу үшін көмекші қызметкерлерге арналған жаңа атаулар пайда болды, мысалы кітапхананың техникалық көмекшісі, кітапхана технигі және компьютер маманы пайда болды. Демек кітапханашылар мен колледж әкімшілігі студенттердің сұранысын арттыру үшін өз оқыту ресурстарын ұсыну барысында цифрлық сауаттылық бойынша білімдерін жан-жақты жетілдіре түсу қажет екені даусыз.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Descy D.E. The Internet and education: Some lessons on privacy and pitfalls /D.E Descy // Educational Technology.– 1997. –37 (3) .–P. 48 -51. URL: <https://scholarworks.uni.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=2157&context=grp> [Date of access: 05.01.2023]

[2] Denbeste M. Power Point, Technology and the Web: More Than Just an Overhead Projector for the New Century? / M. Denbeste // *The History Teacher*.- 2003.- 36(4). - P.491–504.

[3] Lambert D., Horsley M., Nettle K., Pingel F. The Future of Textbooks? / D.Lambert, M.Horsley, K.Nettle,F. Pingel, // *International Colloquium on School Publishing: Research about Emerging Trends* . Sydney: TREAT/APA.- 2003.- P. 43

[4] Cantu A.D., Waren W. J. Teaching History in the Digital Classroom / A.D. Cantu, W.J. Waren // *New York: M.E. Sharpe*.- 2003.- P. 203

[5] Happonen S. On Representation, Modality and Movement in Picture Books for Children / S.Happonen // *In: Visual History. Images of Education*. New York: Peter Lang.- 2005.-P.127

[6] Sarzhanova G.B., Abdrakhmanova S.T., Rakhimbayeva B.T. Digital Technologies in the Training of Future English Teachers in conditions of distance learning / G.B.Sarzhanova, S.T.Abdrakhmanova, B.T.Rakhimbayeva // *Қарағанды Университетінің Хабаршысы=Вестник Карагандинского университета Серия «Педагогика»*.- 2022.- 3(107).– С.143-150.

[7] №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық – педагогтік колледжі. Колледждің елеулі тарихи кезеңдері [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <https://pedkoll.edu.kz/colledge-history/> [Қаралған күні:29.01.2023]

[8] Кабатаева Ж.К., Бакирова К.Ш. Жаратылыстану-ғылыми пәндеріне оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың маңызы Қарағанды Университетінің Хабаршысы=Вестник Карагандинского университета Серия «Педагогика».-2022.-1(105).-Б.56-61 Кіру режимі: <https://rep.ksu.kz/bitstream/handle/data/13080/%D0%9F%D0%B5%D0%B4-1-56-61.pdf?sequence=1&isAllowed=y> [Қаралған күні:10.02.2023]

[9] Berkimbayev K.M., Niyazova G.Zh., Burayeva Zh.B. Digital transformation of education: educational and methodological problems and ways to solve them / Berkimbayev K.M., Niyazova G.Zh., Burayeva Zh.B. // *Bulletin of Kazakh Ablai Khan university Series «Pedagogical sciences»*. - 2022.- 2(65).- P.40-51.

[10]Punch K.F. Introduction to Research Methods in Education / Punch K.F. – Thousand Oaks: Sage Publications.- 2009.- P.401

[11]Creswell, J. W. Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches. 2nd ed. London: Sage. - 2014.- P.307 URL:[https://www.researchgate.net/profile/Leopold-Hamminger/post/Can\\_you\\_help\\_me\\_clarify\\_what\\_type\\_of\\_qualitative\\_research\\_design\\_to\\_use/attachment/59d64d4579197b80779a6db2/AS%3A487475249455105%401493234564396/download/Creswell+-+Research+Design.pdf](https://www.researchgate.net/profile/Leopold-Hamminger/post/Can_you_help_me_clarify_what_type_of_qualitative_research_design_to_use/attachment/59d64d4579197b80779a6db2/AS%3A487475249455105%401493234564396/download/Creswell+-+Research+Design.pdf) [Date of access:03.06.2023]

[12]Сүлейменова Ж.Т., Сейітқазы П.Б. Кәсіптік білім беруді цифрландыру бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың басты шарты

ретінде Қарағанды Университетінің Хабаршысы=Вестник Карагандинского университета Серия «Педагогика».- 2022.- 3(107).- Б.53-62. Кіру режимі: <https://rep.ksu.kz/handle/data/14031> [Қаралған күні:16.04.2023]

[13]Chaudhuri J. Stimulating Intrinsic motivation in millennial students: a new generation, a new approach / J.Chaudhuri // Anat Sci Educ.- 2020.- 13.- P.250-271

[14]Cheng, L., Hampton, J. and Kumar, S. “Engaging students via synchronous peer feedback in a technology-enhanced learning environment,” Journal of Research on Technology in Education.- 2022.- P.1–25. Available at: <https://doi.org/10.1080/15391523.2022.2142874>.

### REFERENCES

[1] Descy, D.E. The Internet and education: Some lessons on privacy and pitfalls. Educational Technology. -1977. - 37(3). - P.48-51. URL: <https://scholarworks.uni.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=2157&context=grp> [Date of access: 05.01.2023]

[2] Denbeste M. Power Point, Technology and the Web: More Than Just an Overhead Projector for the New Century? The History Teacher. - 2003.- 36(4).- P.491–504 <https://doi.org/10.2307/1555576>

[3] Lambert, D., Horsley, M., Nettle, K., & Pingel F. The Future of Textbooks? International Colloquium on School Publishing: Research about Emerging Trends. Sydney: TREAT/APA. - 2001.- P.43

[4] Cantu, A. D., Waren, W. J. Teaching History in the Digital Classroom. New York: M. E. Sharpe. - 2003.- P.203

[5] Happonen, S. On Representation, Modality and Movement in Picture Books for Children. In: Visual History. Images of Education. New York: Peter Lang.- 2005.- P.127

[6] Sarzhanova, G.B., Abdrakhmanova, S.T., & Rakhimbayeva, B.T. Digital Technologies in the Training of Future English Teachers in conditions of distance learning. Qaraǵandy Ýniversitetiniń Habarshysy=Vestnik Karagandinskogo ýniversiteta Seriya «Pedagogika». - 2022. - 3(107). - P.143-150

[7] Almaty qazaq memlekettik gýmanitarlyq – pedagogtik kolledji. Kolledjdiń eleýli tarihi kezeńderi (№1 Almaty Kazakh state humanitarian-pedagogical college. Significant historical periods of the college).- Kirw rejimi: <https://pedkol1.edu.kz/colledge-history/> [Qaralǵan kúni: 29.01.2024] [in Kaz]

[8] Kabataeva, J.K., & Bakirova, K.Sh. Jaratylstaný-ǵylymı pánderine oqý úrdisinde aqparattyqkommúnikatsıalyq tehnologıalardy qoldanýdyń mańyzy (The importance of using information and communication technologies in the process of studying natural sciences) Bulletin of the Karaganda university. Pedagogy series. - 2022.- 1(105).- P.56-61. Kirw rejimi: <https://rep.ksu.kz/bitstream/handle/data/13080/%D0%9F%D0%B5%D0%B4-1-56-61>.

pdf?sequence=1&isAllowed=y [Qaralǵan kúni:10.02.2023] [in Kaz]

[9] Berkimbayev, K.M., Niyazova, G.Zh., Burayeva, Zh.B. Digital transformation of education: educational and methodological problems and ways to solve them / Berkimbayev K.M., Niyazova G.Zh., Burayeva Zh.B. // Bulletin of Kazakh Ablai Khan university Series «Pedagogical sciences».- 2022.- 2(65).- P.40-51

[10] Punch, K.F. Introduction to Research Methods in Education. Thousand Oaks: Sage Publications. - 2009.- P.401

[11] Creswell, J. W. Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches. 2nd ed. London: Sage. - 2014.- P.307 URL:[https://www.researchgate.net/profile/Leopold-Hamminger/post/Can\\_you\\_help\\_me\\_clarify\\_what\\_type\\_of\\_qualitative\\_research\\_design\\_to\\_use/attachment/59d64d4579197b80779a6db2/AS%3A487475249455105%401493234564396/download/Creswell+-+Research+Design.pdf](https://www.researchgate.net/profile/Leopold-Hamminger/post/Can_you_help_me_clarify_what_type_of_qualitative_research_design_to_use/attachment/59d64d4579197b80779a6db2/AS%3A487475249455105%401493234564396/download/Creswell+-+Research+Design.pdf) [Date of access: 03.06.2023]

[12] Súleimenova, J.T., & Seitqazy P.B. Kásiptik bilim berýdi tsıfrlandyryú básekege qabiletti mamandardy dararlaýdyń basty sharty retinde (Digitization of professional education as the main condition for training competitive specialists) Bulletin of the Karaganda university. Pedagogy series. - 2022.- 3(107).- P.53-62. Kirw rejimi: <https://rep.ksu.kz//handle/data/14031> [Qaralǵan kúni:16.04.2023] [in Kaz]

[13] Chaudhuri, J. Stimulating intrinsic motivation in millennial students: a new generation, a new approach. Anat Sci Educ.- 2020.- 13.- P.250-271

[14] Cheng, L., Hampton, J. and Kumar, S. “Engaging students via synchronous peer feedback in a technology-enhanced learning environment,” Journal of Research on Technology in Education. - 2022.- P.1–25. Available at: <https://doi.org/10.1080/15391523.2022.2142874>.

## ОЦЕНКА ЦИФРОВЫХ УЧЕБНЫХ РЕСУРСОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО КОЛЛЕДЖА

\*Садибекова С.С.<sup>1</sup>, Амирова А.С.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup> Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
Алматы, Казахстан

**Аннотация.** 21 век – это период всестороннего развития технологий. Это коснулось и сферы образования. Все отрасли образования нашей страны используют возможности цифровых технологий, чтобы сделать образовательные ресурсы своих библиотек доступными в электронном виде. Цифровизация учебных ресурсов на основе современных цифровых технологий в системе образования способствует инновациям в учебном процессе, позволяет учащимся выполнять несколько видов действий в образовательной деятельности, способствует развитию

цифрового потенциала учителей, обеспечивает использование платформ онлайн-обучения, онлайн-доски и виртуальной лаборатории. В статье рассматривается важность и эффективность цифровизации системы профессионально-технического образования, а также влияние развития обучающих ресурсов на повышение цифровой компетентности будущих педагогических специалистов. Однако степень его эффективного существования эмпирически мало изучена. Статья представляет собой кейс исследование, направленное на оценку цифровых учебных ресурсов библиотеки педагогического колледжа. Методы опроса и интервью использовались как методы исследования и применялись как смешанный метод. В ходе опроса 129 учащихся, которые учатся на будущих учителей начальных классов, добровольно ответили на вопросы в направлении оценки цифровых учебных ресурсов библиотеки колледжа, в котором они учатся. Кроме того, были проинтервьюированы 9 студентов и было проанализировано их мнение. По результатам исследования цифровые учебные ресурсы, предлагаемые библиотекой, предоставляют услуги на своем уровне, однако был сделан вывод о том, что техническое оформление, дополнение зарубежной литературой, предоставление методических рекомендаций по групповой работе требуют доработки.

**Ключевые слова:** педагогический колледж, цифровые учебные ресурсы, библиотека, цифровое образование, начальная школа, будущие учителя, учебные ресурсы, сайт библиотеки

## EVALUATION OF DIGITAL TEACHING RESOURCES OF THE PEDAGOGICAL COLLEGE

\*Sadibekova S.S.<sup>1</sup>, Amirova A.S.<sup>2</sup>

\*<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** The 21st century is characterized by rapid technological advancement, which has significantly influenced the field of education. All sectors of education in our country are utilizing digital technologies to make library educational resources accessible in electronic format. The digitalization of learning resources based on modern technologies promotes innovation in the educational process, enables students to engage in multiple types of learning activities, enhances teachers' digital capacity, and supports the use of online learning platforms, interactive whiteboards, and virtual laboratories. This article examines the importance and effectiveness of digitalization in the vocational education system, as well as the impact of digital learning resources on the development of digital competence among future teachers. However, the extent of its effectiveness has not been sufficiently studied empirically. The study is designed as a case study aimed at evaluating the digital learning resources of

a pedagogical college library. A mixed-methods approach was employed, combining survey and interview methods. A total of 129 students preparing to become primary school teachers voluntarily participated in the survey assessing the digital learning resources of their college library. In addition, nine students were interviewed, and their responses were analyzed.

The findings indicate that the digital learning resources provided by the library function at an adequate level. However, improvements are needed in technical design, expansion of foreign literature resources, and the provision of methodological guidelines for group work.

**Keywords:** pedagogical college, digital learning resources, library, digital education, primary school, future teachers, learning resources, library website

*Мақала түсті / Статья постувила / Received: 10.10.2025.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.03.2026.*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Садибекова Саулеш Санибековна - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, e-mail: sadibekova.saule@mail.ru

Амирова Амина Слямхановна - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, п.ғ.д., профессор, e-mail: amirova57@mail.ru

***Информация об авторах:***

Садибекова Саулеш Санибековна - Казахский национальный педагогический университет имени Абая, докторант, e-mail: sadibekova.saule@mail.ru

Амирова Амина Слямхановна - Казахский национальный педагогический университет имени Абая, д.п.н., профессор, e-mail: amirova57@mail.ru

***Information about authors:***

Sadibekova Saulesh - Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail: sadibekova.saule@mail.ru

Amirova Amina - doctor of pedagogical sciences, professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail: amirova57@mail.ru